

## Аңдатпа

Қазіргі таңда көптеген инновациялық технологиялар айтарлықтай дамуға қол жеткізді. Ақпараттық технологиялардың дамыған бағыттарының бірі – мобильді қосымшаларды пайдалана отырып, жұмыстың оңтайлы шешімін табу. Бұл бағыт болашақта бүкіл әлемді өзгерте алады, оны әлдеқайда ыңғайлы, интерактивті және қауіпсіз ете алады. Мобильді қосымшаларды өмір қолданысына енгізу бағытында көптеген компаниялар жұмыс істейді, яғни, бұл технология барлық қызмет салаларында қолданылады. Олардың көпшілігі осы технологияны білім беру саласына – мектепке дейінгі мекемелерден жоғары оқу орындарына дейін енгізуге бағытталған.

Бұл дипломдық жұмыста мейрамхана саласы үшін жұмыс күшін жеңілдетуге арналған мобильді қосымшаны әзірлеу қарастырылады. Қосымша санаулы уақыттардан кейін мейрамхана саласында қолданысқа енгізіліп, кең өзектілік алуының ықтималдылығы өте жоғары. Дипломдық жұмыс мақсаты «Аспандияр Экспрес» мейрамханасы үшін Android платформасында мобильді қосымшаға арналған «Мәзір» - ді құру.